



Бұрнагы жылы болган окига дейді. Қаң қаған қыс. Балық инспекциясынан «су маржандарын сүзуге уақытша тыйым салынды» деген бұйрық түсіпті. Ал Аманөткелдегі ағайынның бұған мойын бұрғысы жоқ. Кайтеді енді? Шиеттей бала-шағаның камын жасау қажет. Резенкі етікті киіп, ау-құралдарың сайлап, екі-екі кісі ұрланып ашық теңізге шығыпты. Көк мұзды ойып, ауың құрады. Ертесіне бұйырған несібесің ала бергенде, аудан орталығынан балық инспекциясының қызметкерлері сау ете қалған. Ұрлықтың үстінен түскен ғой. Содан инспекторлар «не қылып жүрсіңдер, кімсіңдер?» деп, тергеудің астына алады. Сасқаныңан әлгі балықшының бірі «Сиыр іздеп жүрміз» деген екен. Кейіннен бұл оқиға ауыл арасында тез таралып, әзілге айналып кетіпті.

Өткенде балығы тайдай тулаған, шагаласы шулаған айдынды Аралға арнайы ат басын бұрып, балықшы қауыммен тілдесіп қайттық. Ел көшіп кеткен Көне Бөгеннің (қазір 3-4 ұй қалған. – К.Ж.) үстімен өтіп, түйеге мінгендей теңселіп, «Токал» деген жерге келдік. Жолбасшымыз бұл маннның неліктен бұлай аталып кеткендігін дәп

басып айта алмады. Білетіні, ертеректе осы жерде бір ауқатты кісі өмір сүріпті. Мынғырған малы болған көрінеді. Құндердің күні зады момын бір қызға көзі түсіп, тоқалдыққа алуға тырысқан десе ді. Әлгі бойжеткеннің байе кене көнгені, яки көнбегені белгісіз. Содан бері осы жер «Тоқал» аталып кетіпті-міс. Бізді мұнда бастап келген – Әділ есімді балықшы. Осы мандағы кедір-бұдырдың бәрінен хабары бар адам.

ТҮСКЕ ДЕЙІН

Тан қылан бере Әдекен суық сумен бетін шайып, көк теңізге көз жүгіртті. Іштей не ойлағанын біл-медік. Бастырманын бұрышында ілулі тұрған комбинезонын киіп, сырты матамен қапталған «кәніс-тірге» су құйып, анау-мынау заттарды жинақтап, негізгі шаруамызға кірістік. Әуелі козыкош жерде жаға-ға жетпей қайырлап қалған қайықтың басын көк теңізге бұрдық. Мотор қосағанда ыңғайлы терендеу жерге жеткенше ескек есіп, еңтігіп қалдық. Сойтіп, балықшымен бірге ашық теңізге аттандық. Көкте шокім-шокім дерліктей шарбы бұлттар болмаса, аспанымыз ашық. Тек қарсы беттен соққан аңызак жел бізді аударып тастайтындай абыржыдық. Ойткені мотордың жылдамдығын арттырған сайын «Прогресс» қайығы қайқан етеді. Кіші Аралда балықшымен бірге ау қарауға шығамыз деп кім ойлаған? Дегенмен, бізге – жаналық, Әдекенен нанпұл қажет. Шамамен, жағадан 10-15 шақырымдай ұзап кеттік. Айналамыз көкпенбек. Ау салып-тастаған межелі жерге жетіп-піз. Балықшы «анау жатқан якорьды сұға таста» деді. Оның ұшы біздей, тұбін ар-қанмен мықтап байлаған, салмағы әжептәуір «бәле» екен. Қайықтың ұстінде қалбалақтап тұрып, төменге лақтыра салдым. Бұның негізгі қызметін айтайын. Әлгі якорь су астына түскен соң, салмақпен жерге қадалады. Ол қайықты қогенделген козыдай етіп ұстап тұрады. Балықшымыз жүз метрлік ау (торттік ау. – **К.Ж.**) құрыпты. Таны суитын тамызда теңізде ара-тұра дауылдың болатынын да естігенбіз. Бұған қарайтын балықшы жоқ. Тол-қынмен бірге теңселіп қайығыңыз тұр. Содан аудын арқалығы («құлағы»). –

К.Ж.

) мен табанынан тас қылып ұстап, ақырындап жинай бастады-ық. Әдекен іліккен балық-ты көз іліспес жылдамдықпен суырып тастауда. Інісі ескекті балықшының ыңғайына қарай есіп отырды. Бір сағаттың ішінде құрылған ауды қарап, бір тынығып алдық. Шекемізден шып-шып тер шығып, аяқ-қолымыз мұздап сала берді. Несібемізге қарай бұйыр-ғаны түсіпті. Үсті-басымыз малмандай су. Қайықтың ішінде шабақтар шоршып жатыр. Ал тікені аз тістілер ауға түссе, тіршілігін тоқтатады екен.

Үшы-киыры корінбейтін кок теніз-дін үстінде балықшылар кыздай сызылган кайыкпен сырғып жүр. Соктал-дай жігіттердің мандайынан соргала-п аққан тер тіршілік тінін толас-тамайтынын тағы да бір түсіндіргендей. Солармен ілесіп отырып жиекке жеттік. Сүзілген су маржаны самсап жатыр. Әдекен ақбалықты бір болек, тістіні болек жинап, «кеттік «приемщиктерге» деді. Екі қап балықты асынып, жагада тұрған «Газельге» беттедік. Жиекке жеткенше балықшыда үн жоқ. Күдды ботен әлемге еніп кеткендей. Сабазын әлгі қоліктің қасындағы таразыға асыңан балығын аударып салды. Екі қозын таразыға қадаған. Ал жанында алак-жүлак өтіп өзі күралыптас жігіт тұр. «Әділ қанша келі балық шығарыпты?» дегендей сауалмен. Таразыңыз түп-тура 22 келі – тісті, 30-40 келі шабақ тартты.

Күнсiген қойлегiнiн жөнiн түрiп, терiн сүрттi де:

– Бiздiн күнделiктi тiрлiгiмiз – осы. Несiбемiзге қарай, бүйырганын алып қайтамыз. Мына тенiздi бергенiне шүкiр. Әйтпесе, қайтер едiк? Отба-сымызды осымен асырап отырмыз,- дедi ол.

Өнгiме арасында:

– *Әдеке, сiз аулаған балық бiрден экспортқа кететiнiн бiлесiз бе?* - деп өзiл аралас сауал қойдым.

– *Экспорт-мекспортыңды бiлмеймiн, мұнда келетiн «приемщиктер» аман болсын,-* - дедi ол да қалжындап.

«Балықшы батыстан жел сокканын аңсайды» деушi едi. Рас екен. Сондағы жігіттердiң созiнше, батыс беткейде жел тұрса, балықтың түсiмi әлдеқайда артып-, ырыс-несiбесi үлгаятын қорi-недi. Былтыр сондай күндердiң бiрiнде «Тастүбек» деп аталатын жерден 800 келi жайын аулапты. Айтуларыңша, бiр күнде 480 мың теңге тапқан. Бұллар танғы сағат бес-алтыда арыс-танның аузынан жем алғандай олермендiкпен енбекке кiрiседi. Тенiз қайбiр тыншып жатады дейсiн. Бiрде мүйiз, бiрде киiз ауа райы талай қайықты аударып- та тастаған-. Суга кеткен жан-дар қаншама?! Балықшымыз қолма-қол қаражатын алғаннан кейiн жүзiне күлкi үйiрiлiп, «iзiме ер» дедi. Сағат тiлi 10:00-дi қор-сетiп тұр.

ТҮС Ө АЛЕТІ

«Прогреске» кайта отырдык. Содан- жиекте калган УАЗ-дын түсына тоқтадык. Коліктін ішінен балыктын иісі мүнкп түр. Шын. Әбден сініп калган гой. Жолсыз жермен жүріп, бір тобенін жанына келдік. «Жігіттер, бастырмага келдік. Түскі асты дайындау керек. Жылдамдатындар» деді балыкшы. Екі бүктетіліп бастырманын ішіне кірдік. Кара жерді терендетіп қазған. Ішін пашын-мен қаптаған. Как ортада темір ошак орнатып, ұзына бойы мүржа түргызған. Онын жанында күйеге баттасып калған бір шәйнек, екі қазан, шолпы ілулі. Әйтсе де, бұл ко-ныр салкын, жанга жайлы жер екен. Былайынша, аз-маз тыныгып алу-га қолайлы енді.

Үйдегідей баптын болмайтыны белгілі. Сондықтан Әдекен жана ауланған балыкты дереу арша-паршасын шығарды да, қазанга салды. Сол сәтте Әбдіжәмилдін «Кан мен терінде» Еламаннның асымдық балык үшін әлсіз мүздын бетіне шығатыны еріксіз есіме оралды. Кешегі мен бүгінгіні салыс-тыруга келмес, әйтсе де, атакәсіптен кол үзбеген жігіттердін бары куантты. Мүн-дай тірлікке етіміз үйренбегесін бетіміз қызарып, ыстыгымыз котеріле бастады. Сондагы жігіттін бірі «Қазір балыктын сорпасын ішкесін бәрі жазылады» дейді. Бұрышта кара қазанда балык бүрк-сарк қайнап жатыр. Әдекен ауык-ауык барып, түз сеуіп, дәмін байқап кореді. Сәлден кейін «үн шайып жатырмын. Аска дайындалындар» деді. Шыны керек, мұндай сорпаны қашан ішке-ні-міз есімде жоқ...

Ауқаттанып алғасын әнгімеге кош-тік. Тілшілер келді дегесін бастырмага балыкшылар түс-түстан бірі-нен сон бірі ағылып келіп жатыр-. Осы тоніректе болған әнгімелер лек-легімен айтылуда. Сонын бірі: күздігүні күн күрт күбылады. Сол уақытта айдынды Арал буырқанып таситы-н корінеді. Бірде балыкшылар әдеттегідей жиекке «палат-ка» күрып, тыныгып жатса, бүкіл керек-жарагын су шайып кетіпті. Жагага асыккан толкын катты келген гой. «Тенізден мұндай долы мінез күт-педік» дейді олар. Талай рет тулаган теніздің толқынына карсы тұрып, жан екпінмен жагага асыккан жайттар жиі болып-ты... Айтпакшы, «Прогресс» кайыгынын күны –400-500 мын тенге, ал моторынын озі 650 мын тенге тұрады екен. Балыкшы жігіттерден әнгіме арасында естігеніміз гой.

ТҮСТЕН □ □ КЕЙІН

Түскі сағат бірден үшке дейін ау тараштадық. Ол бір тозімді талап ететін шаруа. Шимайланған шетін шығарып, оны таркатып, аркалығы мен табанын тен ұстап отыру да ептілікті қажет етеді. Содан сағат бесте «жау киімді» қайта киіп, теңізге қарай тағы шықтық. Мойынға карта-навигаторды іліп алып. Бұл құрылғы көк теңіздің үстінде таптырмайтын дүние. Бағытыннан алда-жалда жанылсан, жон сілтейді. Қайықтың басын айдың-ға бұрып, ау құруга кет-тік. Өдекен әуелі табанын тастады. Інісі әдеттегідей ескекті оның ыңғайына қарай есіп келеді. Құрып жатқанда ау бірденеге ілінсе, шимайланады да қалады. Сондықтан мұқият болу керек. Өне-міне дегенше бұл жұмысты да бітіріп, ау манын-а қалтқы қалдырдық.

– Інім, жылда теңізді 1 мамырда жауып, 1 шілдеде ашады. Екі ай бойы сен соққан ба-лық-тай күй кешеміз. Ұсталып қалсақ, адам басына 40 мың теңге айыппұл салады. Егер қайықта біз сияқты 3 адам болса,- 120 мың теңге. Өңгіме болсын, «запрет» кезде сендердің Қызылордаларына барып, денсаулығымды тексер-ттім. «Алтын ине» алдым.- Дәрігерлер «емдел» деген. Бір-екі күн болдым да, теңізге қарай тайып тұр-дым. Шыдай алмадым. Осы өмірімді сағынып кеттім,- дейді балықшы.

Кешкілік бастырмаға қайта келіп, аukatтанып алған сон, сілеміз катып күла-дық. Міне, балықшының бір күні осылай өтті. Осылай өте де бермек...

Жалпы, Арал теңізінің манында Аманоткөл, Боген, Карашалан, Каратерен, т.б. ауылдар орналасқан. Ондағы тұрғындардың тең жартысы атакәсіппен айналысады. Оңірдің арғы-бергі тарихына көз жүгіртсек, 1920 жылдың 25 желтоқсанында «пролетариат қосемі» В.И.Лениннің Арал балықшыларына жазған хатына орай 1921 жылдың 5 сәуірін-де аш-тықта қалған Поволжье халқына 14 вагон балық жібергені әлемге белгілі.

Қазір Аралдың балығына сұраныс жоғары. Оның үсті-не сыртқы нарыққа шығу бір жолға қойылған. Ол жағынан ешқандай аландаушылық жоқ. Сондай-ақ, келмеске кеткен теңізді

калып-ка келтіруде қыруар шаралар колга алынды емес пе? САРАТ-С-2 жобасы толықканды басталды. Жакын-жуыкт-а аткарылып жаткан шаруалар оз нәтижесін береріне шеткейдегі балыкшынын да үміті зор.

Байкаганым, бастырмада жиналган – кіл жас жігіттер. Негізінен балык коктем мен күзде жаксы шыгады екен. Осы уакытта Аманоткелдегі етженді еркек кіндіктінін бәрі осында ағылады. Олар жұмыстын жоктыгынан емес, конілдін тоқтыгынан осында жүр. Телегей тенізден нәпакасын тауып, атадан калган кәсіптен ажы-раган емес.

ТҮЙІН. Өткенде гана облыстын онтүстігінде орналаскан Жанакоргандагы Жайылма ауылынын, карт Каратаудагы малшынын, Шагандагы шаруанын бір күндік өмірін хал-кадірімізше жаздык. Енді міне, теніздің төскейінде түтінін түтетіп отырган агайыннын тыныс-тіршілігін баян еттік. Біз балыкшы қауымнан «барга – канагат» деген түсінікті санамызга сініріп қайттык.

Козы Көрпеш Жасаралұлы,

Багдат Есжанов (сурет)